

**6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бекіш Азамат Әбділқаилұлының «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

## **ШІКІРІ**

**1. Диссертациялық жұмыстың өзектілігіне сипаттама (ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, таңдалған тақырыптың өзектілігі).** Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдісі барысында өткен тарихымызды объективтік тұрғыдан дұрыс бағалауға, мәдени құрылыс саласында, әсіресе ағарту, мектеп, оқу-тәрбие жұмысына қатысып, талай ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбиелік мұраларды егеменді еліміздің бүгінгі күн талаптарына сай пайдалануға қолайлы жағдай тудырып отыр.

XXI ғасырда жастарға білім мен тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Тарихи кезеңдердегі құрылған әр бір мемлекет өз қоғамдық құрылымының өркендеуіне лайықты әлеуметтік ортаны қалыптастырады. Яғни, заманауи өзгерістермен талаптарға үйлесімді дүниетанымдық көзқарас, ғылыми негізделген біліми тұжырымдар, осының негізінде рухани құндылық қасиеттер жеке адамдар бойында қалыптаса бастайды. Қазіргі Қазақстанның әлемдік дамуға ықпалдасуда қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени бағыттағы – білім, ғылымды жетілдіруде түбегейлі өзгерістерге бағыт алуын талап етуде. Осы тұрғыдан келгенде жана саяси және әлеуметтік қатынастардың бастау бұлағы ұлттық мәдени қасиеттер мен ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда жастарға жеке халықтық даму мен өркендеу мәдениетімізді жете түсіндіруге, оларға құрметпен қарауға баулу барысында ұлттық тәлім-тәрбие негізінде білім беру жұмыстарды жаңа көзқараста ұйымдастырып, тарихи-педагогикалық білімдерге оң баға беріп, ақиқаттыққа көз жеткізу – өткеннің мұрасын шындық тұрғысынан саралаудағы қажеттіліктен туындайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесі бекіткен тұжырымдамалар этникалық-мәдени білім мен тәрбиені, мәдениетті жетілдіруді тарихи шындық негізіне сүйене отырып, ұлттық сананы қалыптастыру, ұлт мәселесінің жан-жақты ғылыми саралануы жайлы міндеттерді қойып отыр.

Мемлекетіміздің қазіргі кезеңдегі рухани-мәдени даму үдерісі осы салалардағы бағыттарды да барынша айқын талдай түсуді қажет етеді. Ұлт болашағы тарихи-педагогикалық негізде қалыптасқан тәрбие мен білімдер жиынтығымен сабақтастығын зерттеп, зерделеу болып табылады. Бұл Қазақстанның жалпы адамзаттық мәдени-ғылыми даму жолындағы үлгісін белгілеп, рухани өсудің болашақ биіктерін көрсетеді.

Сондықтан білім мен тәрбие беру ісінің өткенін саралап, болашақты болжай алуға мүмкіндік алу үшін тарихи-педагогикалық мұраларды жаңа көзқарас тұрғысынан қайта қарау күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Қазақ

жеріндегі білім беру және мектептер жөнінде сөз қозғағанда біріншіден, бастауыш білім беру мен оның мектептері жайлы аталған жөн. Сондықтан да, Бекіш Азамат Әбділқайыпұлының «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен даму тарихы еңбегінде мектеп түрлері мен олардың мазмұндық құрылымдары жайында қарастырып, салыстырмалы талдаулар жасаған. Тарихи-философиялық, саяси-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтап, білім беру саласындағы ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік және ұйымдастыру бағытындағы педагогикалық тұрғыдан сипаттама берген. Анықталған кезеңдегі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен бастауыш білім берудің тарихына саяси және мемлекеттік құрылым мен әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тікелей ықпалы болғандығын ескере отырып, Отандық педагогикалық ой-пікірлердің және оқу-ағарту ісінің тарихында зерттеушілер, сонымен қатар шетелдік ғалымдардың пікірлерін талдай отырып, бастауыш мектептердің түрлі оқыту әдістеріне даму тарихына талдау жасап, салыстырмалы түрде көрсеткен.

А.Ә. Бекіштің диссертациялық жұмысының тақырыбы аса *өзекті ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес*, маңызды зерттеу болып табылады.

**2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылымилығы мен қорытындысының жаңалық дәрежесі (ғылыми жаңашылдық).**

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптық ережелердің сұраныстарына сәйкес орындалған. Зерттеушілік жұмыстағы мақсат, міндеттер мен зерттеудің әдістерінің т.б. ғылыми аппараттың дұрыс қойылуы нәтижесінде тарихи-педагогикалық бағыттағы теориялық білімдердің оң тұжырымдалуына және ғылыми қорытынды жаңалықтарының нәтижелі болуына негіз болған.

**Бірінші және екінші нәтиженің жаңалығы** – ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық әдіснама тұрғысынан негіздеп (1-кезең 1915-1917 ж.ж. 2-кезең 1918-1929 ж.ж. 3-кезең 1930-1941 ж.ж.) үш кезеңге бөліп, теориялық тұжырымдауындағы алғы шарттарын анықтап, білім тарихына қатысты толықтыруларды беруін - *жоғары* деп қабылдауға болады.

**Үшінші нәтиженің жаңалығы** – диссертациялық жұмыста қамтылған кезеңдердегі бастауыш мектеп типтері мен олардың оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқу құралдарын және олардың педагогикалық жүйесін талдап, тәжірибелік мәнін зерделеп, сипаттама беруі арқылы қазіргі бастауыш білім беру кезеңіндегі педагогикалық үдерістермен сабақтастық байланыстылығын дәлелдеуін – *жоғары* деп бағалауға негіз бар.

**Төртінші нәтиженің жаңалығы** – докторант тарапынан жасалынған жұмысының нәтижелері тарихи-педагогикалық білімдер негізінде дәлелденуі – ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне, педагогика тарихына қатысты жеке

элективті курсты енгізілуімен қамтамасыз етілгендігін – *жоғары* деп баға беруге сенімділік жасайды.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі (өзі жазу, дәйектілік).**

А.Ә. Бекіштің диссертациясында бастауыштың білім беру тарихын зерттеуде төмендегідей жаңа ғылыми нәтижелер алынған:

– 1915-1941 жылдардағы Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихнамасын (1-кезең 1915-1917 ж.ж. 2-кезең 1918-1929 ж.ж. 3-кезең 1930-1941 ж.ж.) үш кезеңге бөліп, олардың типтік ерекшеліктерін сипаттап, педагогикалық құрылымдық жүйесіндегі оқу-тәрбие жұмыстарының барысын тарихи-педагогикалық тұрғыдан айқындап, ғылыми жүйеге келтіріліп тұжырымдамалық тұрғыдан талдауға алынғандығы диссертациялық жұмыстың *дәйектілігіне және өзіндік орындалғандығына* сенімділік береді.

– зерттеу кезеңі қамтыған уақыттағы (1915-1941 ж.ж.) түрлі типтегі бастауыш мектептердің қалыптасуының тарихи-педагогикалық шарттарын анықтап және олардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, оқу құралдарының өзіндік ерекшеліктеріне сипаттамалық талдаулар жасай отырып, бүгінгі бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогикалық үдерістермен сабақтастық негізделуі диссертациялық жұмыстың тарихи-педагогикалық тұрғыдан *дәйектілігін* белгілеп, *өзіндігінен орындалған* зерттеушілік жұмыс екендігін айқындайды.

– диссертациялық жұмыстағы негізделген білімдерге сүйене отырып, бастауыш мектеп жайлы мұралардың тәжірибелерін басшылыққа алып, Қазақстандық педагогика ғылымының тарихын толықтыру негізінде жасалған элективті курсты арнайы зерттеу базасы болып табылған ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне енгізуі – зерттеушілік жұмыстың *дәйектілігіне* негіз болып, автордың *өздігінен* орындаған жұмыс екендігіне сенімділік береді.

**4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы (ішкі бірлік).**

Бекіш Азамат Әбділқаилұлының «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы ішкі бірлікті және өзара тұтастық пен сәйкес құрылымдықты құрай отырып орындалғандықтан, автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерімен үйлесімділікті көрсетеді. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары диссертацияның бастапқы міндеттерін орындауға бағытталған және автордың тарихи-педагогикалық зерттеулерге жасаған теориялық талдаулары мен тәжірибелік мұраларды сұрыптап іріктеуі және осының негізінде енгізген жаңалығымен сипатталады.

**5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама (практикалық құндылық).**

Автордың диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындыларын және еңбектің негізгі мазмұнын ашатын ғылыми-әдістемелік еңбектері, ғылыми басылымдарды жарық көрген. Диссертацияның негізгі мазмұны, нәтижелері мен қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, Скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты. Жұмыстың мазмұны бойынша 8 еңбегі жарық көрген:

1. Ұлттық мектептердің дамуы және алаш зиялылардың ой-пікірлері. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4 (56), 131-134-б, 2017;

2. XX-ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы мұсылмандық жүйедегі бастауыш мектептер. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (59), 280-284-б, 2018;

3. Ұлттық мектептің қалыптасуы. С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (56), 95-103-б, 2018;

4. The history of the Kazakh written signs. Opción, Año 35, No.89 (2019): 600-620 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. [http:// produccioncientificaluz. org/ index.php/opcion/issue/view/2728](http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/issue/view/2728);

5. XIX ғ. Екінші жартысы - XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы білім жүйесі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Жастар - білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші». Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 85-90-б, 2019;

6. Системы начального образования на казахской земле и истории письменных знаков и алфавитов. Материалы V Международной научно-практической конференции «Качество Управление: поиск и решения». В двух томах. Том I - Сан-Франциско (Калифорния, США): Региональная академия управления, стр.87-102, 2019;

7. Бастауыш мектептердегі білім беру жүйесі. Материалы V Международной научно-практической конференции «Членство в ВТО: Перспективы научных исследований и Международный рынок технологий». В двух томах. Том II - 21-23 октября 2020г. (Торонто, Канада), стр.130-143, 2020;

8. Development of education in Kazakhstan late 19th - early 20th centuries. Қазақстанның ғылым мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал №11/1(144) 177-180-б, 2020.

Жарық көрген ғылыми-әдістемік еңбектері мен орындалған диссертациялық жұмыс арасында қарма-қайшылық жоқ, олар өзара ішкі байланыспен негізделген және үйлесімділікте, тәжірибелік құндылықтары бар.

**6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер (академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады).**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде байқалған төмендегі кемшіліктер мен ескертпелерді атауға болады:

1. 1915-1941 жылдардағы Қазақстандағы бастауыш мектептердегі тәрбие жұмыстарының мазмұндық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталу дұрыс болар еді.

2. Кеңес үкіметінің кезеңіндегі қазақ бастауыш мектептерінде педагогикалық жүйенің социалистік идеологияға бағындырылғандағы орын алған келеңсіз жағдайларды ашып көрсету керек еді.

3. Діни білім беретін мектептердің оқу жоспарына талдаулар кеңінен және терең жасалмаған.


Алайда, бұл аталған кемшіліктер диссертацияның теориялық және практикалық құндылығын түсірмейтіні анық және *академиялық адалдық принциптеріне сәйкес* деп бағалаймын.

**7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

«Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбындағы диссертациясы өзекті, ішкі мазмұнының тақырыптық берілуі сәйкес, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, алынған тұжырымдар мен қорытындылардың құнды, ізденушінің өзі жеке дара орындап, толық аяқталған ғылыми еңбек екендігін және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толық сәйкес орындалғанын ескеріп, ізденуші Бекіш Азамат Әбділқаилұлын 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми пікір беруші:**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, «Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім бағдарламаларының оқытушысы, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор



*el*

*М.К. Курсабаев*

